«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынннның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жиналысының

## ХАТТАМАСЫ

Жосалы кенті № 07 21.06.2023 жыл

Сағат: 09-00

Қатысқандар; заңгер-Т. Каримов, аудан газ шаруашылық басшысы Е. Мусаев, аудан газ шаруашылық қызметкерлері.

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқрамасы № 4 «Сыбайлас жемкорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағыты және сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау туралы, сонымен қатар, «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша шолу, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспраы талқыланды,

Тыңдалды: заңгер Т. Каримов

«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері, таңдамалық анықтама бойынша қысқаша түсіндірме жүргізілді, оның ішінде;

1) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау тьуралы айтылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу:

1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сонымен қатар, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық қылмыстық әрекеттер жасаған адамдарға занда көрсетілген жауапкершіліктер қолданылатын туралы айтылды.

Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік – экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Қазіргі таңда заң аясында көптеген жұмыстар атқарылып, көптеген адамдар жауапқа тартылып жатқандығын ескеретін болсақ, сонда да елімізде жемқорлық дерті өршіп тұрған. Жемқорлық бойынша тек бір тарап қана емес екінші тарапта жауапты екендігін білу қажет. Алдын алу – профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс. Жемқорлық қазіргі таңда елімiздің экономикасына кері әсерін тигізіп жатқан үлкен мәселердің бірі. Кез-келген адам өз құқығын білу керектігін және барлық заңдарды жетік білу керектігін көрсетті. Барлық қызыметкерлерге осы жиналыс арқылы әр адам Жемқорлыққа жоқ деп айта алатындай сауатты және саналы болуы керек.

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік тұғызатын жағдайларды алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік тұғызатын себептерге жол бермеуі және осындайда бір мүмкіндік тұғызатын себептер анықталған жағдайда басшылар тарапына хабарлауы тапсырылды.

**Заңгер** **Т. Каримов**